

№4 педагогикалық кеңес

Уақыты: 27.03.25 16.00сағ

Тақырыбы: «Сапалы білім-жарқын болашақ кепілі»

1. Өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы. Педагогтарды аттестаттаудың қағидалары мен шарттары жайында.

Мектеп директоры: Кожамбетов К.Б.

2. III тоқсан бойынша оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы

ОЮ Женисхан А., Асгат К., ТЮ: Женихова Е.В. Заркымова С.К.

3. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша өткізілген іс-шаралар есебі

1. ТЮ: Женихова Е.В. Заркымова С.К.
Педагог-социолог: Анафина Г.К., Хосан Ж.

4. Өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс есебі

Тәлімгер: Ермаганбетова А.А.

5. Мұғалімдердің шығармашылық жұмысы жайында /Авторлық жұмыс, Зерде ғылыми жобасы т.б./
ӘБ жетекшілері: Садвақасова А.Б. Сагитова А.С.

6. Аралық аттестаттау өткізу мерзімдерін бекіту, қорытынды аттестаттау өткізу мерзімдері жайында.

ОЮ Женисхан А., Асгат К

7. «Салауатты өмір салтын сақтану, оқушыларды ғылыми – техникалық бағытта білім алуға тәрбиелеу» үйірме, секция жұмыстарының өткізілуі жайында есеп/

Мұғалім: Ермаганбетов Н.Б., Мырзахали К.
Бабай Д. Саулетхан Н.

8. Баяндама «Жасанды интеллектінің білім беру саласындағы маңызы»

Мұғалім: Унатхан Б.

9. Ағымдағы мәселелер / аттестаттауға, аудандық семинарға дайындық, I сыныпқа оқушыларды қабылдау т.б. /

Қаралды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Кожамбетов Қайрат Балтабайұлы сөз сөйледі. Өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы талқылады. Қайрат Балтабайұлы сөз кезегінде «Педагогтардың аттестаттауды өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына (ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №533 өзгерістерімен) таныстырды. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдерді бекіте отырып, бес жыл өткен мұғалімдердің

біліктіліктерін растау және жетістіктерін жетілік мұғалімдерге санаттарын жоғарлатып тапсырудыайтып өтті.

Екінші мәселе бойынша сөз кезегі оқу ісінің меңгерушісі Асгат Катила сөз сөйледі. ІІІ тоқсанның оқу үлгерімі әр сыныптың сапа көрсеткіші және әр пәнінің сапалық деңгеймен таныстырып өтті. ІІІ тоқсанда сапа көрсеткіш 70%. Сыныптардың салыстырмалы пайыздық көрсеткіштерімен таныстырды. Оның ішінде үздіктер 11 оқушы, екпінділер 38, қанағаттарлық 21. Оқушылармызда бұл тоқсанда түрлі сайыстарға қатысып жүлделі орындар иеленді. Атап айтсақ 7-11 сынып оқушылары арасында өткен “Жарқын болашақ” олимпиадасының аудандық кезеңі “Жас қаламгер” номинациясы бойынша 2 орын Шарибат А. (11 сынып, жетекшісі Заркымова С. К.), 7-11 сынып оқушылары арасында өткен “Жарқын болашақ” олимпиадасының аудандық кезеңі “Сөз шебері” номинациясы бойынша 3 орын Шарибат А. (9 сынып, жетекшісі: Жекейхан К.) 11 сынып оқушылары арасында өткен “Жарқын болашақ” олимпиадасының аудандық кезеңі “Бейнелеушілер” номинациясы бойынша 1 орын Шарибат А. (10 сынып, жетекшісі: Сагитова А.С.) Мұқағали Мақатаев оқулары аудандық кезең Нұрбақыт А. 3 орын (7 сынып, жетекшісі: Сагитова А.С.) Байтан А. 1 орын, облыстық кезеңнің жүлдегері, (8 сынып, жетекшісі Заркымова С. К.) Ақбота Республикалық интеллектуалды сайыс 2 орын Женисбек А., Амирхан Г., Кенес А. Хуанган А. (1 сынып жетекшісі: Унатхан Б.) Ақбота Республикалық интеллектуалды сайыс 2 орын 7 сынып Айбат Ж. Нұрбахыт А, Болатова А. 5 сынып Шеер М., Витик А, Мағзум С. Коровина В. (Жетекшілері: қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі Сагитова А.С. Жекейхан К. орыс тілі және әдебиет мұғалімі Дюсембаева У. К Женихова Е. В., тарих пәнінің мұғалімі Кожакметов К. Б., Маухан А, ағылшын тілі пән мұғалімі Имаканова И.Ж. К оровина О. С.) Мұхағали Мақатаев (өлең жаттау) Бекболат Айерке 2-орын Қазбек А. Жусупбек Н 3-орын (жетекшісі: Шабекен М.), “Мектеп жасына дейінгі балалардың агрессивті мінез-құлқының алдын алу және түзету” вебинар (психолог Хасенова С.Б.) Махамбет оқулар байқауы аудандық кезең 1 орын Садвакасова А. 8 сынып (жетекшісі: Сагитова А.С.) Кенгуру Республикалық интеллектуалды сайыс 1 орын Женисбек А., Амирхан Г., Кенес А. Хуанган А. (1 сынып жетекшісі: Унатхан Б.)

9 -сынып оқушылары үшін:

- 1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;
- 2) қазақ тілі (мақала, әңгіме, эссе) – 2025 жылғы 2 маусым;
- 3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан география – 2025 жылғы 5 маусым;
- 4) қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;

11 -сынып оқушылары үшін:

- 1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 4 маусым;
- 3) қазақ тілі сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 9 маусым;
- 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан биология, информатика) – 2025 жылғы 12 маусым;
- 5) қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 16 маусым.

ІІІ тоқсан бойынша тәрбие жұмысының қорытынды есебі бойынша тәрбие ісінің меңгерушісі Заркымова Саулжан Қанжарқызына сөз берілді.

3-тоқсанда мектептегі тәрбие жұмыстары “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы негізінде жүргізіліп, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы, адал, еңбекқор азамат тәрбиелеу мақсаты көзделді. Барлық іс-шаралар жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырылды.

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды насихаттай отырып, жас ұрпақты

адалдыкка, еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке, рухани-адамгершілік қасиеттерге баулу.

Міндеттері: 1. Отбасы құндылықтарын нығайту: Оқушылардың ата-аналарымен өзара қарым-қатынасын жақсарту. Отбасылық құндылықтардың маңыздылығын түсіндіру. Ата-аналарды тәрбиелік іс-шараларға тарту. -Рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту: Мейірімділік, адалдық, жауапкершілік, ар-ождан, әділеттілік сияқты қасиеттерді қалыптастыру. Оқушыларды өз ортасына, қоғамға деген жанашырлықпен қарауға үйрету. Тәрбие сағаттары мен шығармашылық жұмыстар арқылы ізгілікке баулу. - Ұлттық сана мен патриоттық рухты көтеру: Қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін, ұлттық мұрасын құрметтеуге баулу. Қазақстандық патриотизм мен ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған іс-шаралар өткізу. Қазақ тілін дамытуға арналған шығармашылық жобалар ұйымдастыру. -Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Спорттық жарыстар, денсаулыққа пайдалы әдеттерді насихаттау. Денсаулыққа зиянды әрекеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. Эмоционалды тұрақтылық пен психологиялық саулықты дамытуға арналған тренингтер өткізу. -Қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыру: Табиғатты қорғау мен экологиялық мәдениетті дамыту.

Жанартылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды. Апта сайын арнайы жасақталған ақпараттық стендте апта дәйексөзері, халқы даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері көркем безендіріліп, оқушылар назарына ұсынылған. Сонымен қатар, апта сайын сынып сағаттарында 10 минуттық "Қауіпсіздік сабағы" өткізіледі.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "Өнегелі 15 минут" айдары бойынша жұмыстар тұрақты жүргізілді. Жұмыстың мақсаты: Оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамыту, ата-аналармен тәрбиелік жұмыстарды күшейту, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Жүргізілген іс-шаралар:

1. "Адамгершілік – асыл мұра" видеороликтер түсіру. Оқушылар ата-аналарымен бірге өмірлік құндылықтарды дәріптейтін қысқаша видеороликтер әзірледі. Бейнероликтерде ата-аналардың балаларға берген өнегесі, ізгі істер, жақсылық жасау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету сынды тақырыптар қамтылды. Жұмыстар мектептің әлеуметтік желілерінде жарияланып, үздік видеороликтер марапатталды.

2. "Ата-анамен бірге өнегелі әңгіме" отбасылық сұхбат. Оқушылар ата-аналарымен бірге адамгершілік құндылықтар, адалдық, жауапкершілік және ізгілік жайлы ой бөлісті. Әр отбасы өз тәжірибесінен мысал келтіріп, балалардың дұрыс тәрбие алуындағы ата-ананың рөлі туралы пікір алмасты. Жасөспірімдер отбасы құндылықтарының маңыздылығын түсініп, өмірде қолдану қажеттігін ұғынды.

3. "Ата-анам – ақылшым" эссе байқауы. Оқушылар ата-аналарынан алған өмірлік сабақтары туралы эссе жазып, өз ойларын ортаға салды. Шығармашылық жұмыстарда отбасылық құндылықтар, үлкендердің өсиеттері және өмірлік қағидалар көрініс тапты. Сонымен қатар, мектебімізде әр жұма күні «Ұлттық киім күні» деп жарияланды! Бұл күні барлық оқушылар, ұстаздар және мектеп қызметкерлері ұлттық киім киім, мәдениетімізге құрмет көрсетеді. Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, дәстүрімізді дәріптеу арқылы рухани бірлігімізді нығайтуға өз үлесімізді қосудамыз.

10-20 ақпан аралығында «Stop буллинг» онкүндігі өткізілді. Мақсаты: Мектеп оқушылары арасында буллингтің алдын алу, зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, оқушыларды мейірімділік пен өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Мектепте "Stop Bullying" онкүндігі аясында төмендегі іс-шаралар толық жоспарға сәйкес өткізілді. Ақпанның 10 күні онкүндіктің ашылуына орай салтанатты саптық жиын өтті. Тәрбие ісінің меңгерушілері Заркымова С.К., Женихова Е.В. онкүндіктің жоспарымен таныстырды және арнайы ақпараттық стенд жасақтады. Ата-аналарға арналған "Буллингтің алдын алу" тақырыбында жадынамасы таратылды. Ата-аналарға буллингтің белгілері, оның алдын алу жолдары туралы ақпараттық парақшалар таратылып, педагог-психолог пен әлеуметтік педагог ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Нәтижесі:

Ата-аналар буллинг туралы ақпаратпен танысып, кері байланыс берді. Кейбір ата-аналар балаларының мінез-құлқындағы өзгерістер туралы сұрақтар қойып, мамандардан кеңес алды. "Stop Bullying" тақырыбында 7-11 сынып оқушыларынан буллинг мәселесіне байланысты анонимді сауалнама алынды. Нәтижесі: Оқушылардың көпшілігі мектепте буллингтің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілетінін қолдады. Бастауыш сыныптарда "Біз біллингке қарсымыз!" атты бейне роликтер түсірді. Сынып жетекшілер "Зорлық-зомбылық құрбанына айналуға қалай аулақ болуға болады?" сынып сағаттарын 5-8 сыныптарда өткізді. Мазмұны: Мұғалімдер оқушыларға зорлық-зомбылыққа ұшыраған жағдайда өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріп пайдалы кеңестер берді. Нәтижесі: Оқушылар практикалық жаттығулар жасап, өз ойларымен бөлісті. "Қорқу қорқынышты. Әрекет ету қорқынышты емес" атты әңгімелесу сағаттары 9-11 сынып білім алушылары үшін ұйымдастырылды. Мазмұны: Оқушылар қиын жағдайларда қорқынышты жеңу туралы пікір алмасты. Педагог-психолог Хасенова С.Б. мен әлеуметтік педагог Хосан Ж. тақырыпқа сай видеоролик көрсетіп, пайдалы кеңестермен бөлісті, және оқушылар жағдаяттық тапсырмалар орындады. Сонымен қатар, 7-11 сынып оқушылары арасында "Буллингтің алдын алу" бойынша педагог-психолог қызықты психологиялық тренинг өткізді. Оқушылар топтық жаттығулар арқылы достық қарым-қатынасты қалыптастыру жолдарын үйренді. Әлеуметтік педагог Анафина Г.К. мен Хосан Ж. "Буллингке жол жоқ!" тақырыбында 5 "а,б" сынып оқушылары үшін сыныптан тыс іс-шара өткізді. Оқушылар суреттер салып, шығармашылық жұмыстар орындады. 18-19 ақпан аралығында мектепте "Мейірімді болуды үйрен" атты акциясы өтті. Оқушылар өзара көмек көрсетіп, жылы сөздер айтқан акция ұйымдастырылды. Оқушылар достық қарым-қатынастың маңызын түсініп, бір-біріне жылы лебіздерін білдірді. Нәтижесі: Мектептің әлеуметтік желілерінде онкүндік аясындағы барлық іс-шаралар туралы ақпарат жарияланды. Барлық іс-шараларға білім алушылар, ата-аналар, сынып жетекшілер барлығы қатысты.

2025 жылдың ақпан айында Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күніне орай 8-11 сынып оқушылары арасында тарихи сананы жаңғырту және патриоттық тәрбие беру мақсатында сынып сағаттары өткізілді. «Ауғанстан ардагерлеріне тағзым», «Ауғанстан – біздің жадымызда», «Ауғанның отты жалыны» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Сынып сағаттарында оқушыларға 1979-1989 жылдары Кеңес әскерінің Ауғанстандағы қызметі, сол кезеңдегі тарихи оқиғалар мен оның салдары туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар, Қазақстаннан аттанған жауынгерлердің ерлігі мен қайсарлығы туралы деректер ұсынылды. Оқушылар Ауған соғысының ардагерлері туралы деректермен танысып, олардың естеліктерін тыңдап, бейнероликтер мен фотосуреттер қарады. Талдау жұмыстары жүргізіліп, пікір алмасу өтті. Кейбір сыныптарда оқушылар соғыс тақырыбында эссе жазып, өз ойларын шығармашылық тұрғыда жеткізді. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы шеңберінде салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілді. 2025 жылдың 9-31 қаңтар аралығында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында "Шаңғы шақырады" атты шаңғы жарысы фестивалі ұйымдастырылды. Бұл шараға мектеп оқушылары, педагогтар және қызметкерлер белсенді түрде қатысты. 1-11 сыныптар арасында "Асық ату", "Арқан тарту", "Қол күрес" ұлттық ойындары ұйымдастырылды. Сондай-ақ, "Салауатты өмір салты үшін", "Дені саудың – жаны сау", т.б. тақырыптарында сынып сағаттары мен әңгімелер жүргізілді. Ата-аналар үшін "Дұрыс тамақтану", "Емдік гимнастика", "Баламен салауатты өмір салтын қалай жүргізу керек?", "Баланы үйде сауықтырамыз", "Дене бітімін бақылау", "Қозғалыс және денсаулық", "Үйде белсенді демалысты қалай ұйымдастыруға болады?" тақырыптарында дәрістер мен кеңестер өткізілді. Сонымен қатар, ата-аналарға "Салауатты өмір салты" сауалнамасы жүргізілді. Жоғары сынып оқушыларына зиянды әдеттерден бас тарту мәселесі бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Темекі шегу, вейп қолданудың зияны, оның тыныс алу жүйесіне, ағзаға тигізетін кері әсері туралы айтылды. Сонымен қатар, есірткі тұтынудың өмірге, денсаулыққа қауіпті салдары, оның адам тағдырына тигізетін зияны талқыланды. Дөңгелек үстел барысында оқушылар өз ойларын ортаға салып, пікірлерімен бөлісті. Жалпы, жүргізілген іс-шаралар салауатты өмір салтын тұрақты қалыптастыруға және оның маңыздылығын түсіндіруге бағытталды. Алдағы уақытта да осындай іс-шаралар жалғасн табатын болады.

«Әншуақ» қазақ тіліндегі балалар әндерінің республикалық фестивалінің тұжырымдамасы негізінде аптаның әр сәрсенбі күні мектеп білім алушылары «Әншуақ» балалар

фестиваліне қатысып, өз әндерін тик-ток желісіне салады. Жетекшісі: музыка пәнінің мұғалімі Наулетхан Нұрбек. Фестивальдің басты мақсаты – балалар әндерін қазақ тілінде насихаттау және тарату. “Балалар кітапханасы” жобасы аясында 14 ақпан Халықаралық кітап күніне орай “Шын жүректен кітап сыйла” челленджін кітапханашы Науанова Б.Е. ұйымдастырды. Мақсаты: балалар мен жасөспірімдер арасында кітап оқуды насихаттау, кітапалмасу мәдениетін дамыту. Кітапқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, мейірімділікпен жомарттыққа баулу.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 3-тоқсан бойы күнделікті үлкен үзіліс уақытында 10 минуттық оқу ұйымдастырылды. Бұл шараға білім алушылар белсенді қатысып, көркем әдебиетке деген қызығушылықтарын арттырды. Сонымен қатар, тоқсан барысында оқушылар үшін әртүрлі іс-шаралар өткізілді: Әдеби викториналар – оқыған шығармалар негізінде сұрақ-жауап сайыстары ұйымдастырылды. Мәнерлеп оқу байқаулары – оқушылар сүйікті шығармаларынан үзінділерді көркемдеп оқыды. Кітап талқылаулары – оқушылар оқыған кітаптары бойынша пікір алмасып, өз ойларын ортаға салды. Логикалық ойындар мен тапсырмалар – тіл байлығын дамытуға бағытталған қызықты тапсырмалар орындалды. Авторлармен кездесу (егер өткізілген болса) – жергілікті жазушылармен кездесулер ұйымдастырылып, олар шығармашылық туралы ойларымен бөлісті. Осы іс-шаралардың нәтижесінде оқушылардың оқу дағдылары жақсарып, кітапқа деген қызығушылығы артты. Әдебиетке жақын балалардың саны көбейіп, өзара пікір алмасу мәдениеті қалыптасты. Педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес «Мектеп, ата-ана, бала арасындағы байланыс» (5,9,10,11 а), «Тәрбие басы-тал бесіктен» (6 а), «Жасөспірімдер қарым-қатнас құпиясы» (7,8 а), “Бала тәрбиесі-баршаға ортақ” (3,4 а) тақырыптарында ата-аналар жиналысы өтті. Мақсаты: отбасында тәрбиесінде ата-ананың ықпалын арттыру. Тәрбиенің ең тамаша жері- отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыра отырып, жалпыадамзаттық құндылықтың мәнін ашу.

2025 жылдың 1 наурызында мектебімізде Алғыс айту күніне арналған бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Барлық сыныптарда Алғыс айту күніне арналған сынып сағаттары өткізілді. Сабақ барысында оқушыларға бұл күннің мәні мен маңызы түсіндіріліп, алғыс айтудың адамгершілік құндылықтары туралы әңгіме қозғалды. Оқушылар өз ата-аналарына, мұғалімдеріне, достарына жүрекжарды тілектерін білдіріп, әсерлі пікірлерімен бөлісті. Оқушылар өз қолдарымен ашық хаттар, гүлдер және түрлі бұйымдар жасап, ата-аналарына, ұстаздарына, достарына ризашылықтарын білдірді. Әрбір жасалған сыйлық алғыс сезімінің көрінісі болып, жақын адамдарға қуаныш сыйлады. Оқушылар мен мұғалімдер бірлесіп, арнайы құттықтау видеороликтерін әзірледі. Видеороликтерде оқушылар өздерінің жылы лебіздері мен алғыстарын білдіріп, жақындарына ризашылықтарын жеткізді. Бұл видеолар мектептің әлеуметтік желілерінде жарияланып, көпшілікке ұсынылды. Алғыс айту күні аясында ата-аналар жиналысы өткізіліп, отбасылық құндылықтар мен тәрбие мәселелері талқыланды. Жиналыста ата-аналар өз ойларын ортаға салып, балаларының мектептегі жетістіктері жайлы жылы пікірлер айтты.

2025 жылғы 7 наурыз күні мектебімізде 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік концерт өтті. Бұл іс-шараның басты мақсаты – аналарға, ұстаздарға және қыз балаларға құрмет көрсету, оларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау болды. Концертке мектеп әкімшілігі, ұстаздар, оқушылар және ата-аналар қатысты. Шараның ашылуында мектеп директоры құттықтау сөз сөйлеп, барлық әйелдер қауымына жылы лебізін білдірді. Концерттік бағдарлама оқушылардың ән-шашуымен басталып, көркемсөз оқу, би қойылымдары және театрландырылған көріністермен жалғасты. Әсіресе, оқушылардың аналарға арналған өлеңдері мен ұстаздарға арнаған шығармашылық нөмірлері көрермендерге ерекше әсер қалдырды. Сонымен қатар, мереке аясында оқушылар аналар мен ұстаздарға арнап қолөнер бұйымдарын жасап, гүл шоқтарын тарту етті. Іс-шара жоғары деңгейде өтті. Барлық қатысушылар кештен тамаша әсер алып, ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді. Бұл мерекелік концерт мектеп ұжымының ұйымшылдығын көрсетіп, мейірімділік пен құрмет құндылықтарын дәріптейтін шара болды.

2025 жылы Наурыз мерекесіне арнайы мерекелік бағалық іс-шаралар Наурызғанама тұрғындарымен арасында ұйымдастырылады. Бұл тұрғындарымен мерекелік дәстүрді жасап сақтап отырып, мерушыларды ұлттық ұйымдастыру жөніндегі, салт-дәстүрлерді насихаттауды және шығармашылық қабілеттері дамытуға бағытталды. Ұлестік Ұлы күні Наурыз мерекесіне арнайы 20 наурыз күні мерекелік ойында жасап белсенділігіне сәйкестік мерекелік көңілді етті. Іс-шара барысында мерушылар Наурыз мерекесінің іскі мен жанымен жанынан жергілікті өкілдер алып, қосатын ұлттық білімдерін ұйымдастырды. Ойың наурыз кешінде белсенділігі, мерекеліктерге ерекше мерекелік атмосфера салды. Қосатын салт-дәстүрлеріне байланысты сәйкестік қойылымдар қойылып, олар баса беру, тұрғындар, жасап тұрғын салты дәстүрлер меркіне тапты. Әрбір әйелдер шығарылып, қарбаласқа ауып отырып, мерекеліктерге рудан алып берілді. Сонымен қатар, ұлттық ойындар ұйымдастырылып, мерекелік шығарылым ала түсті. Іс-шараға ата-аналар, ұстаздар және мерекелік жасаптары қатысып, мерушылардың өміріне қатысты болды. Барлық наурыз мерекелік көңілділігіне белсенді, бір-біріне ақ тілектерін арасында.

Тұрғындардың барлық бағыттары бойынша жасапты сәйкестік жұмыстар уақытында отырылып әрмерекелік жасап (инстаграм, фейсбук) мерекелік сайты парашаларына еткізілетін жұмыстар тұрақты жарияланатын отырады.

Қосатын демалыс кешінде мерушылардың қарбаласқа ету жасапты мерекелік барыстар алып алу парашалары ұйымдастырылды. Бұл парашалар мерушылардың өмірі мен денсаулығына әсері әрбір қарбаласқа алып алуға, оларды сәйкестік парашалары сақтапты ұйымдастырды. Мерушылармен қосатын қарбаласқа ерекшелігі бойынша сәйкестік салты еткізіледі. Сәйкестік барысында ету пайдалы, жасапты ақ.

жасапты, белсенді адамдармен қарбаласқа, өрт қарбаласқа және тұрғындардың қарбаласқа еткізіледі. Жасаптымен ету айындағы барысымен қарбаласқа, айында пайдалы сәйкестік айындағы. Айындағы алып алатын жариялардың алып алу парашалары тұрғындары.

Ата-аналармен қосатын қарбаласқа парашалары тұрақты әрбір жариялар таратылды. Ата-аналар жасаптымен қосатын демалыс кешінде барыстардың қарбаласқа ету жасаптымен алып алатын пайдалы. Демалыс уақытында бағалық өмірі мен денсаулығына ата-ана пайдалы жария еткізіледі жөнінде тұрғындар жұмыстары жүргізіледі. Қосатын демалыс уақытында мерушылардың қарбаласқа ету жасаптымен ата-аналардан алып алады. Қосатын ата-аналардан барысымен қарбаласқа етуге міндеттенетін қарбаласқа.

Сонымен қатар, қосатын демалыс уақытында мерушылардың бос уақытында пайдалы ұйымдастыру жасаптымен мерекелік жасаптымен жасаптымен, белсенді, жасаптымен сәйкестік тұрақты танымал, шығармашылық және спорттық іс-шаралар ұйымдастыру жасаптымен. Бұл парашалар мерушылардың белсенділігіне арттырып, олардың білімге, өнерге және салауатты өмір салтына қатысушылығын дамытуға бағытталған.

Үшінші кешке бойынша Қосатын тұрғындарымен алып алу бойынша еткізілетін іс-шаралар сәйкестік тұрғындар іскі мерекеліктер мен әрмерекелік пайдалы Аяғында І. К. бойынша жасапты. 2025 жылы қатар айында баста әрмерекелік пайдалы жасаптымен жасаптымен бойынша жұмыстар жүргізіледі. 5-11 сынып мерушылары арасында мерекелік тақырып 17 мерушы қатысқан етті. Олардың қарбаласқа етуге әрбір қарбаласқа отырады.

«Жасаптымен арасында еткізілетін тұрғындарымен алып алу» бағытында іс-шара жасаптымен. Алып алатында, қатар айында әрмерекелік пайдалы арасында тұрғындар сәйкестік жасаптымен сәйкестік. Сәйкестік сәйкестік парашалардың аяғындағы тұрғындар іскі мерекеліктерге қатысқан. Алып айында 3-4 сынып мерушылары мен олардың ата-аналарына.

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» бағытында бірлескен жиналыс өткізілді. Содан кейін 7-11 сынып оқушыларымен аудандық кәмелетке толмаған жасөспірімдер инспекторы Телегенов А.Т. кездесу өткізді. Ақпан айында "STOP буллинг" онкүндігі ұйымдастырылды. Ата-аналарға жадынамалар таратылып, 5-11а,б сынып оқушыларымен буллингке жол жоқ!" сынды тақырыптарда сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылды. 7-11 сынып оқушыларынан «Буллингке жол жоқ!» сауалнама алынды. Бесінші мәселе бойынша мұғалімдердің шығармашылық жұмысы жайында ӘБ жетекшісілер авторлық жұмыс, Зерде жұмыстарының жүргізумен таныстырды. "Білім" қоғамдық - гуманитарлық әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Сагитова А. С. 2024-2025 оқу жылындағы шығармашылық жұмыстары бойынша қысқаша мәліметтер жасады. Заркымова С.К. "Қазақ тілін ойын технологиялары арқылы оқыту" оқу-әдістемелік құрал (5 сынып), "Оқуға құштар мектеп: білімге бастар жарқын жол" мақала Алтынсарин ізбасарлары ғылыми - тәжірибелік журналы. Коровина О.С. "Қазақ және ағылшын шай ішу дәстүрлерінің ерекшеліктері" Зерде, Витик Алена. Сагитова А.С. «Ер Төстік» ертегісін жасанды интеллект көмегімен комикс форматында қайта жаңғырту» -Зерде, Хапар Мөлдір. Маухан Ардагүл 5-сыныпқа арналған Қазақстан тарихы пәнінен көрнекілік құрал Дюсембаева Ұ.К. "Орыс тілі сабақтарында тұтас және тұтас емес мәтіндер арқылы функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған авторлық бағдарлама", "Орыс тілі мен әдебиетін оқытуда жасанды интеллектіні қолдану" озық тәжірибе алмасу. Алтынсаринге мақала жариялады. Жекейхан К. Зерде "Ешкінің пайдасы және емдік қасиеті" Женисбек Табысхан. Имаканова И.Ж. Авторлық жұмыс. Ағылшын тілі грамматикасы. Зерде "Тотықұс - ерекше жаратылыс иесі" Болатов Самир.

Жаратылыстану әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Садвакасова Айгул Балтбайқызына сөз кезегі берілді. Қысқаша мәлімдеме жасады.

«8 сыныптың биология сабақтарында жасанды интеллекті кіріктіру»

Бұл авторлық бағдарлама 8 сыныптың биология пәні бойынша жасанды интеллектіні оқу үдерісіне енгізу мақсатында дайындалды.

ЖИ технологиясының биология пәнін оқытуға тигізер әсері, оның ішінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, оқу материалдарын терең түсінуін қамтамасыз ету және түрлі тәжірибелік тапсырмаларды орындау барысында қолдану мүмкіндіктері қарастырылған.

Информатика негіздері: 7-9 сыныптарға арналған әдістемелік құрал" – қысқаша ақпарат

7-9 сынып оқушыларына. Информатика пәні мұғалімдеріне. Жаңа әдістерді іздейтін педагогтарға.

"7 сыныпқа арналған физика пәнінен функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмалар жинағы" қосымша жұмыс дәптері

Алтыншы мәселе бойынша Аралық аттестаттау өткізу мерзімдерін бекіту, қорытынды аттестаттау өткізу мерзімдері жайында оқу ісінің меңгерушісі Асгат Катила мәлімдеме жасады. Катила Асгатқызы биылғы аттестаттаудан өтетін мұғалімдерді жұмыстарының "Ұстаз" платформасына мұғалімдердің материалдарының толық жүктелгендігін айтып өтті. Өтінім беру жұмыстарының жалғастыру, беріп үлгермегендерін уақытылы беруін ескертті.

Жетінші мәселе бойынша «Салауатты өмір салтын сақтану, оқушыларды ғылыми – техникалық бағытта білім алуға тәрбиелеу» дене дынықтыру мұғалімдері Ермаганбетов Н.Б.,Бабай Д. информатика пәнінің мұғалімі Мырзахали К. музыка пәнінің мұғалімі Саулетхан Н. Секция, үйірме жұмыстарының жүргізілуі туралы қысқаша есептерін берді.

Сегізінші мәселе бойынша бастауыш сынып мұғалімі Ұнатхан Бердігул "Білімберудегі жасанды интеллект" тақырыбында баяндама жасады. Жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілетін, белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірінде оны қолдана білу, отан сүйгіштік қасиетін одан әрі дамытуға бағыттау ұстаздың басты міндеті. Жасанды интеллект» сөзі алғаш рет 1956 жылы Дартмут университетінде конференциясының өткен преамбуласында Джон Маккарти қолданған. Маккартиге сәйкес «жасанды интеллектіні» зерттеушілер нақты проблеманы шешу үшін байқалмайтын

адамдарда интеллектіні зерттеуіне болады. Жасанды интеллект жүйелері арнайы логикалық жүйелер арқылы компьютерлік бағдарламада жүзеге асырылған адам интеллектінің жеке аспектісін ұдайы өндіретін техникалық жүйелер.

Тоғызыншы мәселе бойынша ағымдағы мәселелер аттестаттауға, аудандық семинардың өткізілу “Жасанды интеллект” сабақ беретін мұғалімдердің дайындығын күшейтуді ескерді. , 1 сыныпқа оқушыларды қабылдау еговка тіркеу, толық бітіру.

Қаулы етті:

1. «Педагогтардың аттестаттауды өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына (ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №533 өзгерістерімен) таныса отырып, аттестаттаудан өтетін мұғалімдерді бекітілсін
2. “Ұстаз” платформасына толық материалдар жүктеліп аяқталсын.
3. 1 сыныпқа оқушыларды қабылдау еговка тіркеу, толық аяқталсын
4. Аудандық семинарға дайындық күшейтілсін
5. 9, 11 сынып оқушылары мемлекеттік емтиханға дайындықтарын күшейтіп, дайындық тұрақты келіп отырылуы қадағалансын.
6. Оқушылардың тәртібін үнемі қадағаланып отырсын.

Марапат: Қарғ - Қосақиев К. Б.
Қателесі: Мауған А. Мейір